


2022-2023 оқу жылында сынып жетекшінің оқушы және ата-анамен
бірлескен жұмыс нәтижесі

Сынып жетекші мен ата-ананың бірлескен іс-әрекеті бала тәрбиесінде және білім беруде маңызы зор. В.А.Сухомлинский оқушылардың ата-аналармен жұмыс жасаудың маңыздылығына ерекше назар аударған. «Ата-аналармен бірге жалпы күш-жігерді біріктіру баланы дұрыс тәрбиелеуге ықпал етеді»-делінген. Отбасы мектеппен бірге тәрбиелік ортаны қалыптастырушы факторлардың бірі.

Осы орайда 9«Ә» сынып оқушыларының ата-аналарымен тұрақты байланыс орнатылды. Ата-аналарды балалардың оқуына және тәрбиесіне ортақтастыру мәселесі апта сайын жүріп отырды. Оқушыларға қойылатын талаптар жиі айтылып ескертіліп отыр. Сыныпқа сабақ беретін мұғалімдердің ата – аналармен қарым-қатынаста болуы уақытылы ұйымдастырылды. Ата-аналар комитетін құру, оларды мектептегі қоғамдық жұмыстарға қатыстыру, атқарылатын істерге талдау жасап отыру т.б. жұмыстар қарастырылды. Ата-аналар уақытылы сыныптағы оқу тәрбие процесінің мазмұнымен және әдістемесімен таныстырылып отыр. Ата – аналар жиналысы уақытылы өткізіліп отырды. Ата-аналар балалардың сабақтарына, олимпиадаларға қатысуға, әр түрлі іс-шараларға т.б. қатысуына зор ықпалын тигізіп, балаларды үнемі қолдап отырады. Ата-аналар өз балаларының сабаққа қатысуына, әр түрлі жарыстарға қатысуына барынша қолдау көрсетеді. Мысалы, баласы спорттық шараға, әр түрлі олимпиадаларға қатысса, оның ата-анасы да өз мүмкіндігінше баласына қолдау көрсетіп, оған қажетті материалдарды табуға көмектесіп отырды. Сынып оқушылары спорттық, пәндік сайыстарға қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып жүр. Оқушылар өнер мектебіндегі, спорт мектебіндегі үйірмелерге белсене қатысып, аудандық, облыстық сайыстар бойынша жүлделі орындарға ие болып жүр.

Класс жетекшісі:  Камзин С. Ж